

Мекемтас МЫРЗАХМЕТОВ
(Түркістан)

ТҮРІК ХАЛЫҚТАРЫНЫҢ ЖАЗУ ТАРИХЫНАН (ӨТКЕНІ, БҮГІНІ, ЕРТЕҢІ)

В статье рассматривается история и генезис рунического письма. Также рассматриваются перспективы использования рунической письменности.

Makalede atalarımızdan miras bolan oyma yazılarımızın kendine binakılmış zor kederi ile kökü derin tarihi söz ediliyor. Ata yazımızın gelecekteki tekrar canlanması ve gelişmesi hakkında cesur düşünceler yapıyor.

Біздер. Түркістан өлкесін (бұрынғы Тұран елін) жайлаған түрік халықтары, бұрынғы тәуелсіз хандық мемлекетінен айрылып, XVШ ХІХ ғасыр аралығында Ресей мен Қытай империясының отарына айналып бодандық қамытына жегілдік. Түрік халықтарының ой санасына көшпенділердің өткен тарихы да, мәдениеті де болмауы себепті, отырықшылар өркениеті тудырған мәдениетті қиратушылар деген ариянизм танымы күшпен таңылып келді, Бұл евроцентристік танымды халықтар достығының “жаршысы” болған кеңес үкіметі де ары қарай жалғастырып дамыта түсті. Тіпті, коммунистердің көсемі В.И.Ленин Орта Азия мен Қазақстан түріктерін “жабайы, жартылай жабайы” тағы халықтар деп бағалауы осының айғағы.

Тіл ғылымында түрік халықтарын жазуы жоқ немесе “младописьменные народы” деген таным тұрғысынан қарады. Яғни түрік халықтары кеңестік дәуірде ғана жазуға қолы жетті деп, бүкіл жас ұрпақ санасын осы жалған таным негізінде тәрбиелеп, олардың санасына осы жат танымды мықтап орнықтырды. Бұл евроцентристік ұғымдағы жалған танымды Мәскеудегі Орталық түрік халықтарының арасынан шыққан шала сауатты ұлтсызданған өз өкілдері арқылы насихаттатып халық санасына орнықтырып келді. Бұл саясаттың зарарлы төркінін сезгендер немесе қарсылық жасаған таным жоғары ойлы топтары қуғындалып, итжеккенге айдалды немесе түгелдей саналы түрде жазықсыз жазаланып тігерге тұяғын қалдырмай тұтасымен жойып жіберіп отырды.

Халықтық тарихи жады мен ұлттық санасынан айрылған түрік, монғол халықтарын тұтастай орыстандырып шоқындыру саясаты Ресей империясының 1719 жылы Сенат арқылы қабылдаған шешімінде мемлекеттік миссионерлік саясат ретінде ұстанып келгені әрі осы кезден бастап-ақ олар қолданып келген араб жазуын орыс жазуымен біртіндеп алмастыру мақсаты да айқындалған болатын-ды.

Тарихи шындық түрік халықтарының көне ойма жазуының екі жарым мың жылдық тарихы барлығын дәлелдеп отыр. Бұған Орхон, Енисей жазба ескерткіштері мен Есіктен табылған “Алтын адам” ескерткіші айғақ. Осы жазу үлгісі қазіргі Румения, Венгрия жерінен Маңғыстау мен Орхон, Енисей өзеніне дейінгі кеңістікте таралғаны жыл өткен сайын нақтылы деректермен молығып, дәлелденіп келеді.

Б.з.д. шумер жазуын былай қойғанда одан да арыдағы алты мың жылдықтағы Мысыр жеріндегі пирамидадағы жазу түрік ғалымы түрік жазуы негізінде оқуы арқылы тіл қата бастады. Ал, қытай жеріндегі 1912 жылы табылған дәл осы типтес пирамидадағы жазу да Египет пирамидасындағы жазумен егіздің сыңарындай ұқсастықты танытып отыр. Жерорта теңізіндегі “өлі тілге” айналған “А линиялы жазу” да ғайыптан келгендей А.Айзахметовтің оқуымен тіл қата бастады. Тіл қатқанда тағы да орхон жазулары тәрізді түрікше үн қата бастады. Яғни бұл деректер көзі түрік жазуының грек, латын, Мысыр өркениетінен де мындаған жылдар арыда жатуы, жалпы жазу атаулының түп төркіні түрік жазуымен кіндіктес жатыр деген байлам жасауға негіз беріп отыр. Яғни ҚР Президенті Н.Назарбаевтың: “Түркі әліппесі өзінің қарапайым әрі жеңілдігі арқасында орасан зор кеңістікте мейлінше тез жылдамдықпен таралды. Мұның өзі оның кең көлемде меңгерілуіне мүмкіндік берді” (“Тарих толқынында” 96-97-бет), деп жазуында терең тарихи мән-мағына жатыр деген сөз.

Адамзат тарихында өткендегі шындықтың ізін танып білуде бірден бір сүйенер тарихи таяныш –сөз бен таңбадан өтер сенімді белгі болмаса керекті. Осы тұрғыдан қарағанда, ойма жазудың шығу төркінінде таңбалар белгісі жатыр деген пікір ғылыми ұғымға саятындай. Өйткені жекеменшік ұғымы өмірге келісімен-ақ көшпелі ғұмыр кешкен рулар мен тайпалардың тұрмыстық негізі болған әрі сыртқы жаудан қорғанудың бірден бір айбарлы қаруына айналған қолындағы жылқы түлігіне таңба салу арқылы меншіктік белгіні орнықтырған әрекетті аңдаймыз. Ол таңбалар жәй ғана белгілер емес, оның кезінде өзіндік дүниетанымдық мән-мағынасы бар символдық құпия мағынасы болғанға ұқсайды. Мұны археологиялық қазбалар да өте көне дәуірден келе жатқан белгі екенін айғақтау үстінде.

“Ер қанаты ат” деп ардақтаған түрік халықтары ауыз әдебиетінде, әсіресе, эпостық жырларында батырлар мінген тұлпарлар бейнесінің ғажайып көркем галереясын сомдауы да тегіннен тегін құбылыс болмаса керекті. Таяу арада Түркістандағы көне Қарашық қаласының орнын қазған кезде археолог ғалым Мадияр Елеуовтің VII-VIII ғасырдағы күміспен күптеген әбзелдерімен арнайы түрде құрметтеп көмілген етпетінен жатқан тұлпардың жерленген сүйегі тұтас күйінде табылуы жылқы культінің қаншалықты зор саналғанын айғақтап отыр.

Арғы шығу түп төркінін таңбалардан ыза тартатын ата жазуымызға айналған түріктік ойма жазу мемлекеттік жазу дәрежесіне көтеріліп, ислам мәдениетіне дейінгі заманда мемлекеттік деңгейде жан-жақты әрі күнделікті тұрмыста кеңінен қолданылып келді. Бірақ араб экспанциясы заманында араб тілі мемлекеттік тіл мен ғылымның тіліне айналып, ойма жазуды өмірден зорлық зомбылықпен күрт ығыстыра бастады. Мұның тарихи себептері Наршаһидің “Бұқара тарихы”, Бирунидің ғылыми еңбектері мен қазақ ақыны Зиябек Рүстемұлының “қазығұрттың басында...” деп аталатын кітабында жан жақты ашып көрсетілген. Арабтар ислам дінін түрік халықтары арасында орнықтыру үшін, олар ұстанған Тәңірлік дүниетанымы мен ғасырлар ағысында қалыптасқан халықтың тарихи жадын біртіндеп өшіріп, исламдық дүниетанымдағы маргиналдық сананы орнықтыруға күш салып бақты. Ол үшін ойма жазуды тарих сахнасынан ысырып, оның орнына

араб жазуын ендіру саясатын ұстанды. Осы саясат қыспағында қалған түрік халықтарының екі-үш ұрпағы өмірден ауысқан соң-ақ түрік халықтары өз ата жазуын ұмытып, араб жазуын қолданып кетті. Тіпті, XV ғасырда өз бетімен жаңаша түрік жазба таңбасын жасаған, бірақ өмірге ендіре алмаған З.Бабурдың өзі ойма жазудан бейхабар болуы азам халықтарының тарихи жадының қаншалықты дәрежеде жойылып өшіп кетуін Бируни атап көрсеткендей шындықты айғақтап тұр емес пе.

Түрік халықтарына ортақ жазу таңбасын берген ата жазуымыздың арабтардың аяғы жетпеген Орхон, Енисей өзені мен Мадьяр жерінде табылған жазба ескерткіштеріміз XIX ғасыр басында түрікше сөйлей бастаған кезде ғана танып ұғындық. Бұл ойма жазу ескерткіштері алғаш рет табылған күннен бастап-ақ Европалық ғалымдар өздеріне қарай икемдей бастаған еді ғой. Олар көшпелі түрік халықтарында мұндай ұлы рухани қазынаның болуы мүмкін емес деп қараған. Бірақ ол құпия жазулы тастағы жазба ескерткіштер түрікше сөйлеп кеткенде демі іштеріне түсіп тілін тістеп қалған замандар да өтті.

Араб жазуын түрік халықтары мың жылдан астам уақыт бойы қолданып келді. Мың жылдар бойы түрік тілінде жазылған әдеби тарихи ескерткіштер мен рухани құндылықтарымыз осы араб жазуының негізінде хатқа түсіп сақталғаны тарихтан мәлім. Бүкіл Евразияны тұтас жаулаған Шыңғысхан заманында да араб жазуы сол қалпында сақталып қалды. Өйткені Шыңғысхан империясы жауланған халықтардың тіліне, діні мен діліне, ұлттық жазу таңбаларына өзге басқыншы империялар сияқты жауыға тиіскен жоқ.

Араб жазуын түрік халықтары 1930 жылға дейін пайдаланып келді. Араб жазу таңбасын бастапқы түп нұсқа қалпында қабылдаған түрік халықтары бірін бірі аудармасыз-ақ оқып түсіне беретін ортақ жазу ретінде қолданып келді.

XIX ғасыр ортасында Осман түріктерінен басқа түрік халықтарының бәрі де Ресей мен қытай империясының отарына айналды. Енді Ресейде екі түрлі суперэтнос пайда болды. Олар: славяндар мен түріктер, яғни бірі бағындырушы ұлт, екіншісі бағынышты ұлтқа айналды. Ресей империясы өз билігін мәңгі сақтап қалу үшін түрік халықтарын ділі мен діні жағынан православия дініне шоқындырып орыстандыру саясатын басты мемлекеттік саясат деңгейіне көтерді. Ол үшін миссионерлік саясатты жүргізу арқылы түрік халықтарының діні мен діліне, тілі мен ата салтына, жазу таңбасына қысым жасай бастады. Бұл халықтардың тарихи жадын өшіріп, құлдық психологиялық қалыпқа түсірудің шешуші кілті түрік халықтары қолданып отырған араб жазуын орыс жазуына алмастыру саясатын ұстанды.

Орыстың әріп таңбаларын өзгертпей сол қалпында ендіру саясатын Санкт-Петербург оқымыстылары ұсынды. Үкімет Радлов бастаған Қазан қаласы оқымыстыларының ұлт тілінің ерекшелігін ескере отырып орыс жазуын ендірейік деген ұсынысын қабылдамай тастады. Осы себепті бірінші ұсыныс өмірге жолдама алып, қолданысқа түсіп те кетті. Осы мақсатты жүзеге асыру үшін Қазан қаласында Духовный академия деген миссионерлік оқу орны ашылып, онда “Противомусульманская кафедра” деген арнаулы кафедра ашылып, оның тұңғыш кафедра меңгерушісі етіп атақты миссионер

ғалым профессор Ильминскийдің тағайындалуында терең құпия жасырын әрекеттер сыр бұғып жатты...

1906 жылы Санкт-Петербургта Николай патшаның арнайы түрде қатысуымен империяның миссионер ғалымдарының жиыны өтті. Келелі кеңесте түрік халықтарына кирилица жазуын түпкілікті ендіру мәселесі талқыланды. Бірақ империяның сол тұстағы саяси әлеуметтік жағдайы революциялық желімен ұшығып тұрғандықтан, бағылдары жетпеді. Бірақ түрік халықтары тіліндегі баспасөз бен іс қағаздары арқылы кирилицаға олардың көзін үйрете беру керек деген пәтуаға келісті. Бұл салада қаншалықты айла тәсілдерді сақтықпен қолданып әрекет етсе де отаршыл патшалық Ресей империясы аңсаған арман мұраттарына жете алмай кетті. Түрік халықтары уақытша болса да араб жазуымен қала берді...

Қазан төңкерісінде Кеңес үкіметі билікке келген соң қоғам өмірінде саяси әлеуметтік жағдайларға орай әрқилы тарихи сапырылыстар бірінен соң бірі тасқындап өтіп жатты. Үкімет есі кіріп, етек жеңін жиысымен-ақ түрік халықтарын енді латын жазуына көшіру мәселесі өткір түрде күн тәртібіне қойыла бастады. Өйткені, кеңес үкіметі де суперэтнос деңгейіне көтерілген түрік халықтарын халықтар достығы деген жалған ұранды жамыла отырып біртіндеп орыстандыру, рухани жағынан бірінен бірін алыстатып ұстау саясатына мұрагерлік жасады.

Араб жазуын латын жазуына алмастыру идеясын азербайжан халқының қоғам қайраткері Ағамалыоғлы арқылы көтерді. Осы әрекетті Мәскеудегі саяси орталық түп мақсаты бір, бірақ оны қолдану мен жүзеге асырудың екі түрлі ұрымтал саяси айла тәсілдерін пайдаланып қалудың жымысқы жолын пайдаланып қалу әрекетіне асыға кірісті. Біріншіден, латын жазуын алуды уақытша саяси айла-тәсіл деп білгендіктен, аз да болса түрік халықтарының тарихи жадын өшіріп, келер ұрпағы мәңгүртене беруге латын жазуы да қызмет ете алады деп қарады. Екіншіден, латын жазуын алу арқылы орыс жазуын алуға деген ұлы орысшылдыққа қарсы халық пікірін басқа арнаға бағыттап жіберу арқылы қарсы қаттылықтан құтылу жолын саяси айла-тәсіл ретінде ұстанды. Осы арқылы-ақ түбінде түрік халықтарын орыс жазуына көшіруге жағдай туады деген жасырын саясатты ұстанды, яғни үкімет ұрымтал уақытты күтті. Бірақ Мәскеудің бұл арамза мақсатын түрік халықтарының озық ойлы зиялылары дер кезінде сезе білді. Мысалы, А.Байтұрсынов латыншаны қабылдап халықтың басын қатырғанша түбі орыс жазуы таңбасына ендіретіндіктен, бірден кирилицаны алуды ұсынды. Бұл ұсынысты орталық ұлтшылдық пиғыл ретінде бағалап шыға келді. Ақыры Мәскеу көздеген мақсатына жетіп, түрік халықтарына 1924-1930 жылдар аралығында латынша жазуды зорлықпен қабылдатып үлгерді де.

Православие дінінде болуы себепті әрі күрделі саяси әлеуметтік жағдай өзгере қалса грузиндер мен армяндар Ресейдің етегінен ұстайтындықтан, олар өз ата жазуында қалдырылды. Енді қара халықты мүлде қалтқысыз сендіру үшін, баяғыда-ақ православие дініне шоқындырылып, кирилица жазуына өтіп кеткен Сібірдің ұсақ ұлттарын да зорлаумен қайтадан латын жазуына алып келді.

Бүкіл түрік халықтары латын жазуына көшірілуі себепті әрі Түркия түріктері қандас бауырларынан рухани жағынан қол үзіп қалмау үшін, Кемел

Ата Түрік Туркия Республикасында араб жазуың латыншаға ауыстыру саясатын ұстанды. Бірақ Мәскеу билеушілерінің арамза пиғылы түрік халықтарын бір бірінен ыдыратып бөлшектеп алыстатып ұстау болғандықтан, қабылданатын латын жазуын түрік халықтары үшін ортақ жазу болмау жағын қарастырды. Ол үшін латын жазуын түрік халықтары бірін бірі оқи алмайтындай дыбыстық ерекшеліктерін бір біріне ұқсамайтын жазу таңбаларымен беріп, ортақ жазу болудан алыстатып жіберуді көздеді. Осы саяси мақсатты жүзеге асыру үшін, әр республикаға бір-бірден өздерінің сенімді миссионерлік пиғылдағы орыс филолог ғалымдарын жіберді.

Осы саясатты 1940 жылы бүкіл түрік халықтарына орыс жазуы кириллицаны “өз еркімен” қабылдаған кезде де жүзеге асырып отырды. Мұнда да орыс әрпінің жазу таңбаларын түгел ендіріп, оған қосымша берілетін ұлт тілдеріне тән ұлттық дыбыстарды таңбалағанда соларды бір ізге түсірмей, яғни бірін-бірі оқи алмайтындай қалыпқа түсіріп таңбалады. Бұрын араб жазуын қолданғанда түрік халықтары бірін бірі оқып түсіне беретін ортақ жазу таңбасында болса, енді кириллицаны қабылдаған соң бірін бірі оқи алмайтындай болып, бір бірімен рухани байланысын үзіп алды. Ал, үлкен үмітпен қандас туыстарымен рухани байланыста болуды армандап латын жазуын қабылдаған Туркия түріктері латын жазуында қалып қойды. Осы себепті қандас өз туыстарымен рухани байланыстан қол үзуге мәжбүр болды. Енді олардың қолдануындағы латынша жазу таңбасы қандас туыстарының орысша жазу таңбасын мүлде оқи алмайтын қытай қорғанына айналып кете барды.

Орыс жазу таңбасын бізге түгел ендіргендегі мақсат та түрік халықтарын орыстандыруға тілдік жағынан іргелі негіз салып қоюды көздеуден еді. Түрік халықтарының артикуляциялық сөйлеу базасын, яғни дыбыс шығару, сөз саптау базасын орыстың әріп таңбалары арқылы қалыптастырды. Осы себепті де түрік халықтары орыс тілін акцентсіз сөйлесе, Кавказдық грузин, армян және Прибалтикалық халықтар акцентпен сөйлейтін болып шықты. Өйткені бұл халықтар өздерінің артикуляциялық базасын өздерінің ұлттық жазу таңбасы негізінде қалыптастыруында жатыр. Ең нәзік саясат елеусіз түрде болса да тіл саласында қолданылатынын осы әрекеттен де аңғарса болады. Православие дініндегі армян, грузин мен христиан дініндегі Прибалтика халықтарының байырғы жазу таңбасына тимей, негізінен, түбінде саяси жағынан қолдан шығып кетуі мүмкін түрік тектес мұсылман дініндегі халықтардың жазу таңбасын өзгертудегі саяси мақсаттың астары дәл осы мәселенің айналасында жатты. Бірақ көзі қарақты адамға салыстыра қараған жағдайда бұл саясаттың түп төркіні анық сезіліп тұрады. Дәл бүгінгі күндері де Ресей басшыларының өз қоластындағы кіріптар түрік халықтарының кириллицадан шығып латынша жазу таңбасын алуына тосқындық жасап, бұрынғыдай орыс жазу таңбасына қайтару әрекетінің түп мақсаты да өткен заманда ұстанған саясатпен түбірлес жатқан ниеттен туындап жатқаны сыры танымалы мәселе. Бұл баяғыда-ақ Маркс пен Энгельстің “Орыс патшалығының дәстүрлік саясаты” деген атакты мақаласында әшкере болған кәнігі “дәстүрлік саясаттың” бағыт бағдары өзгермегенін бүгінгі Ресей билеушілерінің ұстанып отырған саясаты анық аңғартып отыр.

Бұл айтылған пікірдің бәрі де түрік халқының өткендегі жазу тарихын баяндауға арналды. Ал, енді түрік халықтары тәуелсіздік туып көтерген соң яғни бүгінгі күндері жазу таңбасына қалай қарап отыр. Бұл күндері ұлттық жазу мәселесінің шешуші буыны осыған тіреліп отырған жағдайды көреміз. Қазақстан, Қырғызстан мен Сібір түріктерінен басқа түрік халықтары түгелдей қайтадан латын жазу таңбасына өтіп кетті. Бүкіл газет, журналдары мен бүкіл оқу орындары, мемлекеттік орындар да осы жазумен қызмет атқаруда. Әрине, бұл жақсы құбылыс, бірақ бір бүкпесі ішінде кеткен өттеген-айы бар бітеу жара секілді дүмбілез құбылыс болып қалды. Өйткені латын жазуын қабылдаған бүгінгі түрік халықтары тағы да рухани жағынан жақындаса түсуге бағыт берер ортақ жазу түрінен айналып баралы. Түрік халықтары бірін-бірі оқып білу үшін жазу таңбасын ортақ бір ізге түсірудің орнына бір-бірінен рухани жағынан алыстататын кереғар теріс жолға түсіп отыр. Себебі, олар қабылдаған латынша жазу таңбасындағы өзара өзгешеліктер төрт дыбыстық таңбадан жиырмаға дейін жетіп отыр. Бұл құбылыс отаршылдардың көктен тілегені жерден табылып отыр деген сөз. Яғни біз рухани тұншығуға өз еркімізбен өз басымызды өзіміз ұсынып отырмыз деген сөз. Бұдан құтылудың жолы бүкіл түрік халықтары келелі кеңес өткізіп, жазу таңбаларын ортақтасатын бір ізді қалыңқа түсірмегі керек-ақ. Сонда ғана біз бір бірімізді қиналмай оқып түсіне беретін рухани туыстықтың даңғыл жолына түспекбіз. Біз үшін болашақ жақсылықтың ауылы осы жақта екенін ұғынамыз. Әрине, бұл бүгінде аса зор ұлттық проблемаға айналып отыр. Бұл проблеманы қиналмай шешудің жолы біздің ұлттық санамыздың деңгейіне тікелей байланысты құбылыс екенін есте ұмытуға болмас.

Демографтардың болжамы бойынша, таяу уақытта яғни 2010 жылдан ары қарай түрік халықтары саны жағынан қытай мен үнділерден кейінгі үшінші орынға көтерілуі зор тарихи құбылыс ретінде күтілуде. Әзірше, үшінші орында славян халықтары тұр. Бәрібір болашақ ұтыс бізде жатыр. Саны жағынан үшінші орынға шығатын түрік халықтары үшін, рухани бірлік қай кездегіден болса да айрықша қажет болып тұр. Түрік халықтарының басын рухани жағынан біріктіретін шешуші кілт те біздің ортақ жазу таңбамыздың болуына байланысты болып тұр. Бұл үшін бізде барлық жағдай мен негіздер бар деп білеміз. Өйткені біздің тіліміз, діліміз, дініміз, салт-санамыз, генетикалық қандастық тамырымыз да біртұтас. Бұл ерекшелік рухани тұтастықты қалайды. Ал, ол тұтастық бізге тек ортақ жазу таңбасын қабылдау арқылы қолға түсетінін тезірек ұғынып терең түсінуіміз басты шарт болып тұр.

Біз түгіл, сөйлесе бірін бірі мүлде түсінбейтін жүз тайнадан тұратын сиырдың бүйрегіндей бөлшектенген қытай халқын тас түйіндей біріктіріп жіберген құдіреттің күшіндей шешуші кілт олардың бір ізге түскен ортақ жазу таңбасында тұр екен. Егер қытайлар бір кездерде Құбылай хан ендірген 24 таңбадан тұратын шаршылы жазу таңбасын қабылдағанда, бүгінгі бір жеңнен қол, бір жағадан бас шығарып тас түйін болып отырған қытай империясын көрмеген болар едік. Осы әрекетті аярлықпен қайтадан бастау үшін Сун Ят Сен заманында европалықтар қытайларға латын жазуын алуға кеңес беріп, үгіттеп ақ көрді. Бірақ қытай халқының көреген көсемі Сун Ят

Сен егер қытай латын жазуын қабылдаса жүз тайпа жүз жаққа кетіп, көрінгеннің аузында жем болып кетеді деп көнбеді.

Осындай ойнамалы тағдырды басынан өткерген қытай мемлекеті бүгінде “қонсын соқыр болса көзіңді қыс” дегендей Ресей империясының түрік халықтарының жазу таңбасын сан құбылтып өзгерту арқылы олардың ұлттық санасын маргиналды орыстық сана қалпына түсіріп мәңгірттендіргені сияқты өте қауіпті саяси ойынмен айналысып отыр. Қытайдан басқа жергілікті ұлттардың жазуын күннен үш-төрт рет алмастырып, жаңа буын жас ұрпақтарды ұлттық санасынан тайдырып, нигилистік космополиттік жолға бағыттауда. Ресей империясы өз қарауындағы түрік халықтарына жазу таңбасын өзгерту жағынан қандай саясат ұстанса, қытайлар да сондай саясат ұстанып егіздің сынарындай қалпын танытып келеді. Әрине, мұның бәрі де бодандықта ұстау саясатынан туындан жатқан көнігі саяси айла-шарғылар ғана.

Откен заман қойнауына көз салсақ, түрік халықтары рухани жағынан тоналып үш жақты қысымға түскен қасіретті де қатерлі жолдан өтіпті. Алдымен түрік халықтарының ата жазу таңбасын, яғни ойма жазуын арабтар істен шығарып, өздері алып келген араб жазуын күшпен таңыпты. Енді XVIII-XX ғасыр ішінде Ресей империясы түрік халықтарының мың жылдан астам пайдаланып келген араб жазуын істен шығарып, орыстың жазу таңбасы кириллицаны қабылдатып үлгеріпті. Үшінші қыспақ енді қытайлар тарапынан жүргізіліп келеді. Олар да қол астындағы отарланған ұсақ ұлттарды яғни ұйғыр, қазақ, өзбек, қырғыз т.б. қытайландыру мақсатында ассимиляцияға түсіріп, біртіндеп сініріп жіберу бағытын ұстанып отырғаны жасырын сыр емес. Осы мақсат тұрғысынан ұсақ ұлттардың ғасырлар бойы қолданып келе жатқан ата жазуларын да қытайлар үш-төрт реттен ауыстырып үлгерді де. Мақсат ұсақ ұлттардың жас буын жаңа ұрпағын халқының тарихи жадынан, ұлттық қалпы мен ділінен, өзек негізінен адастырып, өткенін ұмыттыру арқылы нигилистік танымдағы ұлттық рұхы жағынан босбелбеу космополиттік қалыпқа түскен тобырға айналдырудан басқа ешнәрсе де емес.

Түрік халықтары, әсіресе, ұлы Тұран өлкесін жайлаған түрік халықтары, бұл салада қорықпай қорудей-ақ көріп келеді. Соның бірі қазақ халқы жер жағдайына байланысты осы сапырылыстардың қалың ортасында ғұмыр кешіп бәрін де бастан өткеруде. Енді бүгінде өз билігі өз қолына тиіп, ұлттық мемлекетін құрып жатқанда тағы да латын жазуына көшу мәселесі күн тәртібіне қойылып отыр. Кеңес үкіметінің “арқасында” 1930-1940 жылдар аралығында латын жазуын қабылдауға қарсы болған арапшылдарды тарих сахнасынан күннен ысырып, орыс жазуы кирилицаға көшкен еді. Өйткені латынға қарсы болғандардың алдын 1930-1937 жылдар ішінде тұтас ұстап, түрмеге қаман, соңынан бәрінің де көзін жойып тып-тыйпыл еткен соң, енді қоғамдық пікірде “әй дейтін ажа, қой дейтін қожа” болмаған соң, халық жақтап отыр деген сылтаумен ресми түрде орыс жазуына көшкен болатынды. Осы әрекеттің зардабы өтіп кеткен болуы керек, барлық түрік халықтары латын жазу таңбасына өтіп кеткенде, қазақтар мен қырғыздар әлі де рухани көштің соңында қалып артына қарайлаумен келеді.

Өйткені қоғамдық пікірде бұл мәселе жөнінде карама-қарсы екі пікір шарбысып тұр. Бірінші пікірдегілер, осы орыс жазуы таңбасында қала берейік, жетпіс жылдай уақыт ішінде рұхани бар құндылықтарымыз осы жазу негізінде жазылды. Латыншаға өтсек бұлар ұмыт болады деп уәж айтады. Ал, екінші пікірдегілер, түрік халықтары латыншаға түгел өткенде біздердің олардан қол үзіп шектеліп қалуымызға болмайды, бұл жазу компьютерді пайдалануға да қолайлы деген танымды алға тартады.

Менің пікірімше, біз латыншаны шартты түрде уақытша болса да алуға баратын шығармыз, не болмаса ата жазудың, яғни ойма жазудың ортақ жобасын жасап, ғылыми тұрғыдан негіздеп алғанша “үйренген жау атыспаққа жақсы” дегендей сол кириллицаның өзінде тұра берерміз.

Не себепті уақытша болса да латыншаны алу, не кириллицада тұра бермекпіз. Өйткені біздің және жалпы түрік халықтарының ой санасында әлі де сырттан бөгде жұрттың жазу таңбасын алмасак болмас деген таным көпшілік санасында ұялап қалған, әрі осы таным басым жатыр. Әрине, ғасырлар бойы басқыншы отаршыл елдердің біздің ұлттық санамызды өшіріп, тарихи жадымызды шайып келуінен туындаған мұндай құлдык психологиядан бірден арылып кету де қиын шығар. Дегенмен алты тәуелсіз түрік мемлекеті дүниеге келуі себепті, енді жазу таңбасын мүлде бөлек ұлттық негіздегі ата жазуымызға қайта оралу, оны ортақ жазу таңбасына айналдыру мәселесі өткір түрде күн тәртібіне қойылатын мезгіл пісіп жетілді деп білеміз. Себебі Ахмет Байтұрсыновтың танымы бойынша, жазу таңбасы(алфавит) ұлт тіліне қызмет етуі заңдылық екен. Ал, біздер ата жазуымыз ойма жазудан айрылғаннан кейінгі замандар бойы бөгде тілден келген жазу таңбасына (алфавитіне) тілімізді құлдарша табындырып қызмет еттіріп келеді екенбіз. Бұл құлдык сананы бұзу арқылы ата жазуымызға қайта оралу мәселесі бүгінгі күннің өзекті проблемасына айналатын уақыт сағаты соқты деп сенімді түрде айта аламыз. Мың жылда бір оралар сан ұрпақ арманына айналған тарихи мүмкіндік енді ғана туып отыр. Осы тарихи мүмкіндікті тарихи шындыққа айналдыру ұлтжанды саналы азаматтың айтулы борышына айналып отыр. Бұл ұғынған саналы жанға ауыр міндет, сезінбейтін малға достың мұңы жоқ тоғышар жанға жазылмайтын рухани дерт. Осындай басы қосылмас екі оттың ортасында тұрғандай жайымыз бар. Ата жазуға оралу мәселесі тарихта ұлы Мұстафа Ата Түрік тарапынан қойылған да болатын. Ата Түрік шумер жазуын зерттеп, соның негізінде түріктің жаңа жазу таңбасын жасауға бір кездері ұсыныс та жасаған екен. Осы пікірдің тарихи негізі болумен қатар көрегендік ғылыми болжамы да бар дана пікір болып отыр. Өйткені түрік жазуының алты мың жылдан астам тарихы барлығы қазір ғылымда там-тұмдап болса да айтыла бастады. Мысырдағы пирамида жазулары түрік жазуы негізінде оқыла бастады. Дәл сондай пирамида қытай жерінен табылып отыр. Ондағы жазу таңбасы Мысырдағы пирамиданың жазу таңбасымен егіздің сыңарындай бір келкі болып келуі де ойланарлық құбылыс. Міне, осы Мысыр пирамидасындағы жазуды, шумер жазуын және бұдан екі жарым мың жыл бұрын жазылған “Алтын адам” тостағанындағы жазу таңбалары мен түрік қағандығы заманында жазылған Күлтегін жазба ескерткіштері қайта оқылып, терең ғылыми зерттеу сүзгісінен өтіп, ғылыми талдаулар арқылы бір байламға келсе

болады. Бүкіл түрік халқына ортақ ата жазуымыздың жаңаша жобасын жасап, бүкіл түрік халқына ортақ жазу таңбасын қалыптастыратын уақыт мерзімі жетті де әрі осы мүмкіндіктерді жүзеге асырудың барлық тарихи жағдайы туып отыр.

Осы мақсат аясында талантты тілшілер тобы Ясауи атындағы ХҚТУ жанынан өткен жылы жаңадан ашылған Туркология ғылыми зерттеу институтында әзірше ата жазу таңбасының қазақ тіліне арналған тұңғыш жобасын ұсынып, ғалымдар талқысына салуды қолға алып отыр. Әрине, бұл өте күрделі жан-жақты әрі терең ғылыми жұмыстарды жабыла жүргізу арқылы қармаққа оралар бірегей құбылыс. Қиын да болса өмірге ендіруге, күнделікті тұрмыста қолдануға келетін ізгілікті жұмыс. Бұл жөнінде біз еврей халқынан үлгі алсақ болады. Өйткені тарихта “өлі тілге” айналып, жазу таңбасы қолданудан екі мың жыл бұрын шығып қалған иврит тілін, яғни көне еврей тілі мен жазуын қайта тірілтіп отыр емес пе. Еврейлерді діндегі, ділдегі, ұлттық санадағы тұтастығы осындай адам айтса нанғысыз ғажап жеңіске жеткізіп отыр.

Бұл мақсат, яғни ата жазу негізінде бүкіл түрік халықтарына ортақ жазу таңбасы қалыптасып жүзеге асар болса, аса күрделі емле мәселесі де өз шешімін табар еді.

Бүгінде бүкіл түрік халықтарының алдына мың жылда бір оралар ғажап тарихи мүмкіндік туып отыр. Осы тарихи мүмкіндікті шындыққа айналдыра алу, яғни ата жазуымызға қайта оралып бүкіл түрік халықтарына ортақ жазу таңбасын тірілтіп қалыптастыру мәселесін тарих алдымызға тағы да көлденен тартып отыр. Әрине, оны бүгін ертең қолдана саламыз деген ойдан жырақтауымыз. Бірақ бұл уақыт пен жағдай піскен тұста орындалатын шындық екеніне де көзіміз жетіп, сеніміміз де күн өткен сайын артып келеді.

Біздер, Қазақстан ғалымдары, бүкіл түрік халықтарының ғалымдарымен қол ұстаса отырып, келешек ұрпақ қолданар ата жазуы негізіндегі жазу таңбасының бүкіл түрік халықтарына ортақ үлгісін алдын-ала даярлап қою мақсатын алға қоймақпыз. Өйткені қазіргі маргиналдык санаға ұрынған ұрпақ толқыны екі-үш рет алмасып, ұлттық сана толысқан тұста мұны өздері-ақ іздеп табары анық. Оған дейін ұлттық ой санасы да пісіп жетіліп, оны қабылдауға жеңілдік те, жағдай да тұмақ. Осы мәселе жөнінде алдын-ала кеңесіп, пікір арқауын ширату мақсатында Туркология ғылыми-зерттеу институты таяу арада бүкіл әлем рунологтарын шақырып, ғылыми-теориялық семинар кеңесін өткізуді көздеп отыр.

Егер ата жазу негізінде жасалатын қазақ тіліндегі тұңғыш ұлттық жазу таңбамыз сәті түсіп өміршең құбылысқа айналар заман туса, айымыз оңынан туары анық. Ондай жағдайда әзірше латын жазуына түспей артына қарайлап отырған Қазақстан тас түйін тәуекелге бел буып, ата жазуы негізінде жасалған жана жобаны қабылдауға барар болса, түрік халықтары арасында көш бастаушы абыройына ие де болар еді. Түрік халықтарының қара шаңырағында қалған перзенттік борышын ақтар да еді. Өйткені қазіргі қазақ халқы ұлы Тұран жерінің мұрагері болуының үстіне көне түріктерден

қалған қара шаңырақтың да заңды мұрагері болуы себепті ұлы Мағжан ақын атақты "Түркістан" өлеңінде: Көп түрік енші алысып тарасқанда, қазақта қара шаңырақ қалған жоқ па, деп, тарихтың түпкірінен тебіреніп сыр шерте толғануы жай нәрсе болмаса керек-ті.

Тәңір оңдап, аруақ қолдар болса, бұл асыл арман да орындалар күн жақындай түсер күн алыс болмаса керек ті.